



**ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ**

**Тақырыбы: Тұтықпа кезінде  
қолданылатын логопедиялық жұмыстар**

Тұтықпаны түзетуде мұғалімнің орны ерекше. Мұғалім тұтығушының отбасымен тығыз байланыс жасайды, сыныптағы балалардың тұтығушыға ықыласпен қарауын қадағалайды, сыныптағы, мектептегі қоғам жұмысына тартып, баланы сөйлеуін түзетуге қызығушылығын белсендірілуіне жағдай жасайды.

Түзету жұмысының негізгі міндеттеріне: жалпы, ұсақ, артикуляциялық моторикасын, фонациялық тыныс алуын, сөз қорын молайту т.б. жатады. Түзету педагогикалық жұмыс тұтықпаның клиникалық түріне байланысты жүргізіледі. Баланың өзінің тәртібі мен сөйлеу кемшіліктерін және тұтықпаны түзету тәсілдерін меңгеруі, оның түзету логопедиялық процесіне белсенді табысты қатысуына мүмкіндік береді. Жұмыс барысында әр түрлі дәстүрлі және арнайы оқу құралдары қолданылады. Оларға көптеген оқулықтар, оқу процесінде, ойындар, фильмдер, видео материалдар жатады





## **ТҰТЫҚПА КЕЗІНДЕГІ ТЫНЫС АЛУ ЖАТТЫҒУЛАРЫ**

Тыныс алу тұтықпасы бар балалар үшін өте қажетті жаттығу түрі. Оны күнделікті өмірде үзбей қолданып жүрсе үлкен нәтижеге қол жеткізуге болады. Тыныс алу – адам тәнінің аса маңызды қызметтерінің бірі болып табылады. Тыныс алу жаттығуының балалар денсаулығы үшін пайдасы өте зор. Себебі дұрыс тыныс ала отырып баланың сөйлеу тілі де кезегімен қалыптасады.



## Тыныс алу үшін қолданылатын ойындар мен жаттығулар

Екі ұрытты толтырып, балаға қарап үрлеу керек. Балаға да солай істеуін сұрап, егер үрлей алмаса, үйрету.

### «Жұлдыздарды ұшырайық»

Тапсырма: жұлдыздар мен жүрекшелерді үрлеу, (заттардың өте жеңіл екенін ескеріп, балалардың заттарды ұшыру үшін үрлеу жылдамдығын түсіндіру.




## «Жел мен көбелек»

Бұл тапсырма үшін кез келген гүл суреті бар картина қажет. (балаларға қызықты болу үшін әр түрлі жәндіктер ді қоюға болады.)

Көбелек гүлге қонды,

Кенеттен жел соғып

Көбелекке тиіп, көбелек ұшып кетті.



## Кеме жүзді

Ойын үшін қағаздан жасалған кеме жасалады, тегіс үстелге кою. Балаға кеме үстелдің соңына дейін жету үшін қалай үрлеу керек екенін үйрету. (Ойын баланың ұзақ, қатты тынысын дамытады.)



## «Футбол»

Ойын барысы: түрлі түсті қағаздан жасалған доп пен қақпа жасау. Оқушыларға допты қақпаға үрлеп кіргізуді түсіндіру. Көп ұпай жинаған ойыншы ұтады.





## «Бұл не қылған дыбыс»




Мақсаты: Баланы бір дыбысты бір дыбыстан және сөздің басындағы дыбысты ажыратып үйрету.

Құрал: Бірдей дыбыстан басталатын суреттердің аттары.

Ойын барысы: Ойынға 3-5 балаға қатысуға болады.

Ойыншылар үстел басына отырады, тәрбиеші балаларға суреттерді көрсетіп атайды. Балалар зейінді тыңдап сөздегі бірдей дыбыстарды танып білу қажет. Табылған дыбыс нақты айтылу қажет





## **Ұйқтама, сөзді тез ата»**

Мақсаты: фонематикалық есту қабілетін дамыту, бастапқы дыбысты басқа дыбыстардан ажырата білуін және басқа сөздегі осы дыбыстармен сәйкестіруін дамыту. Баланың сөздік қорын молайту.

Құралдар: бір дыбыстан басталатын суреттердің атаулары

Ойын барысы: Бұл ойынды балалармен, олар бірінші дыбысты анықтап үйренгеннен кейін ойнауға болады. Суретті көрсетіп қандай дыбыстан басталатынын сұрау. Сосын осы дыбыстан тағы басталатын сөздерді атаңдар.





## «Сөзді аяқтап көмектес»

Мақсаты: Фонематикалық есту қабілетін дамыту, жетіспейтін дыбыстарды жалғастыру.

Құралдар: Заттық суреттер

Ойын барысы: Балалардың алдына бір-бірден суреттерді орналастырады, содан кейін сөздің соңғы дыбыстарын аяқтамай айтады. Бала суретке қарап сөзді аяқтау керек.





# Дауыссыз дыбыстармен жұмыс жүргізу кезіндегі ойын әдістері.

## 1. Дыбыстың артикуляциясы.

- тіл өз үйшігінде тұрыпты. Ол ұшақтың әнін үйренгісі келді. Ол күлімсіреп барлық тістерін көрсетті де, үйін кең ашты, дауысын қосты, құйыршығын тез жоғарғы есікке лақтырды суық желді жіберді. Тілі «р-р-р-р» деп ән айтты, құйыршықтың дірілдегенің сезді. Ұшақтың әнін бірге айтайық “ р-р-р”!

## 2) Дыбысты сөзде танып білу

Тәрбиеші суретті көрсетеді немесе сөздерді айтады. Ал балалар р дыбысы бар сөздерді танып біледі: шапалақтайды немесе қолдарын көтереді, сосын бірге айтып өтеді.

## 3) Буын үй құстар :

. ра-ра-ра – ұшып жүр ара; ар-ар-ар – дала толы қар; ыр-ыр-ыр – үйдың сыртында қыр; ры-ры-ры – жапырақтар сары; ір-ір-ір – үсті – басы кір;

## 4) Жаңылтпаштар:

Мұртты мұртын сұртті, мұрттыны біреу тұртті. Торта қойдым, орта қойдым, орта қойдым, жорта қойдым.





Логопед өткізетін тілдік сабақтың негізгі мақсаты бала бойында қорғаныштық режимін қалыптастыру, алдағы сабаққа ынталандыру, нақты мақсатты анықтау. Қорғаныштық режим-баланың психикасын кері әсер ететін факторлардан қорғау, жайлы орта, жағымды және айналадағылармен теңдік қарым-қатынас, орнату

Логопедтің тұтықпасы бар баламен жұмыс барысында жеңілдетілген деп саналатын сөйлеу формаларын пайдаланады: сыбыр, нақты сұраққа жауап, өлеңдер оқу, ән айту, жеке дыбыстармен буындарды оқу





## **Сөйлеммен жұмыс.**

Сөйлемді тыңдап есіне сақтайды: Гүлге қонды ара.  
Менің киімім ала. Педагог сөйлемді бастайды, ал  
балалар аяқтайды. Педагогтың қолы кімге тиді сол бала  
жауап береді: Гүлге қонды.. . Менің киімім ...

## **Жаңылтпаштар:**

Қыста боран болар, қар болар, қыздар шәлі, орамал  
оранар. Қара ала лақ, қара ала лақ. Қара ала лағым  
қорада бірақ.

Мәтінде л – р дыбыстарына сөздерді белгілеу.

Мәтендерді тыңдап отырып керекті дыбысты естігенде  
қолдарын көтереді.





## Дауысты дыбыстармен жұмыс:

Тілінде кемістігі бар балаларға сөздегі дауысты дыбысты бөліп айтуды үйрету үлкен нәтиже береді. Кейбір дауысты дыбыстарды созып айту үшін, сөйлеуді жеңілдетіп, тілдегі құрысуларды болдырмайды. Дем шығару арқылы дауысты дыбыстармен жұмыс жасау керек:

А-о А-о-у-ы М-м-м-м-м-а-а-а М-м-м-м-м-у-у-у

А-о-у А-о-у-ы-и М-м-м-м-м-о-о-о М-м-м-м-м-ы-ы



**Санау жаттығуларын жасау кезінде:**

Бір тыныста терең тыныс алып, санау қажет.

1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,13,14,15,16,... сандарды кері қарай санау.

